



«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
2020 жылғы 21 шілдедегі
№ 216 хаттама

**Су жолы көлігін ерікті сақтандыру
ЕРЕЖЕСІ
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген және сақтандырудың шарттарын, Су жолы көлігін ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасу, сүйемелдеу және орындау тәртібін реттейді.

2. Осы Ережеде қолданылатын түсініктер:

1) **Су жолы көлігі (Кеме)** - өздерінің құрылымдық және техникалық қасиеттеріне қарай суда немесе судың астында бола алатын және қозғала алатын, жүктерді, жолаушыларды, багаж бен поштаны тасымалдау, балық аулау және басқа теңіз кәсібі, пайдалы қазбаларды өндіру, құтқару жұмыстарын жүргізу, басқа кемелерді және өзге жүзуші объектілерді тіркеп сүйреу, гидротехникалық жұмыстарды жүргізу үшін, күзет, ғылыми, оқу және (немесе) мәдени мақсаттарда, спорт немесе өзге мақсаттарда пайдаланылатын, өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелер және жүзетін құралдар, су жолы көліктері мен жүзуші құралдар. Бұл ретте Кеме деп Кеменің корпусы барлық жабдығының, такелажының және жарақтарының элементтерімен бірге, ішкі әрлеуі, сондай-ақ күштік қондырғылары мен машиналары, бұрандалы рөлдік механизмдері мен Кеме жабдығының құрамына кіретін басқа тетіктер түсіндіріледі;

2) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

3) **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

4) **жалпы апат** – Кемені құтқару мақсатында жүктің немесе жабдықтың бір бөлігін құрбан етуді талап ететін ахуал, сондай-ақ осындай ахуалды шеккен залал. Жалпы апаттан келтірілген залалдар кімнің мүлкі құрбан болғанына қарамастан барлық жүк иелерінің немесе кеме/кеме жабдығы иелерінің арасында бөлінеді;

5) **зақымдалу** – Кеменің құрылымының тұтастығының опат болуға әкелмеген бұзылысы;

6) **толық опат болу** – Кеменің толық опат болғанын және қалпына келтіруге келмейтінін не Сақтанушы (Сақтандырылушы) үшін біржола жоғалғанын білдіреді;

7) **толық конструктивті опат болу** – Кеменің оны жөндеу (қалпына келтіру) экономикалық жағынан алғанда тиімсіз зақымдалуы, атап айтқанда, Кемені қалпына келтіріп жөндеу (жөндеу орнына айдау, тіркеп сүйреу немесе тасымалдау құнын қоса алғанда) құны Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасының 75% (жетпіс бес процентінен) артығын құрайды;

8) **хабарсыз жоғалу** – жоғалған Кеменің орналасқан жері белгіленбегенін және іздестірудің тоқтатылғанын білдіреді. Іздестірудің кем дегенде 90 (тоқсан) күні өткен кезде жарияланады;

9) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан әрекетке қабілетті жеке тұлға немесе заңды тұлға. Егер Сақтандыру шартымен өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір уақытта Сақтандырылушы болып табылады;

10) **сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмаудағы және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермеудегі мүлктік мүддесі;

11) **сақтандыру жағдайы** – басталуына орай Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға төменде аталған белгілердің бәрін:

– оның туындау ықтималдығын және кездейсоқтығын;

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

- оның туындауының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оның туындауы нәтижесінде болатын шығын мөлшеріне қатысты болжанбайтындығын;
- ол туралы тараптар немесе, ең болмағанда, Сақтанушы алдына ала білген немесе алдын ала хабардар етілген оқиғаның шарттың қолданылу шегінде сөзсіз және ол объективті түрде болуға тиіс қауіптің жоқтығын;
- оқиғаның туындауы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін жағымсыз, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдарларының болуын;
- оқиғаның туындауы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) еркімен және (немесе) ниетімен байланысты болмауын және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейтінін иемденуге тиіс.

12) **Сақтандырушы** – су жолы көлігін ерікті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) шартта айқындалған соманың (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;

13) **фрахт** – жүкті теңіз жолымен тасымалдағаны үшін ақы.

3. Сақтандыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырушы мен Сақтанушының арасында жасалатын Сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

4. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, осы Сақтандыру ережесіне сәйкес жасасылған Сақтандыру шартына мынадай Кемелер сақтандырылуы мүмкін:

1) белгіленген тәртіпте тіркелген және тиісті сыныбы бар теңіз, өзен, көл және аралас жүзу кемелері;

2) яхталар, моторлы қайықтар, катерлер, скутерлер (су мотоциклдері);

3) суда орналастыруға арналған және суда орнын ауыстыруға жарамды, бірақ жүзуге арналмаған стационарлы қосымша, құрылыс, гидротехникалық, тұрғын және басқа кемелер;

4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдың алдын алу немесе оны азайту шығындары.

5. Сақтанушының (Сақтандырылушының) заңға қарсы мүдделері сақтандырылуға жатпайды.

6. Сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптар осы Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуі (алып тастауы) және (немесе) Сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелермен толықтыруы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

7. Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының су жолы көлігін иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оған билік етуіне, сондай-ақ Кемеге Сақтандыру шартында аталып өткен сақтандыру тәуекелдерінің басталуы салдарынан оны жоғалту (құрту) салдарынан Кемеге келтірілген залалды өтеуге байланысты мүліктік мүдделері табылады.

8. Кеме туралы мәліметтер Сақтандыру шартында шығарылады. Сақтандыру шартында бірнеше Кемені сақтандыру қарастырылуы мүмкін, мұндай жағдайда Сақтандыру шартының ережелері әрбір Кемеге бөлек таратылады. Сақтандырылған Кемелердің тізімі және олардың сипаттамалары Сақтандыру шартына қосымшаларда көрсетіледі.

8-1. Егер қандай да бір бөлігінде сақтандыру өтемі, сақтандыру төлемі не қаржылық пайда Сақтандырушыны не оның органын БҰҰ қарарларына немесе сауда немесе экономикалық санкцияларға, заңдарға немесе Қазақстан Республикасы, Еуропалық Одақ

немесе АҚШ үкіметтерінің қаулыларына сәйкес қандай да бір санкцияларға, тыйымдарға немесе шектеулерге ұшыратса, Сақтандырушы сақтандыру қорғанысын ұсынбайды, сондай-ақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандыру шарты бойынша қандай да бір өзге қаржылық пайда беру бойынша міндеттемелерді көтермейді.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

9. Сақтандыру жағдайы деп Сақтандыру шартында атауы бар, төменде көрсетілген оқиғалардың бірінің немесе олардың қиындасуының басталуы салдарынан сақтандырылған су жолы көлігін жоғалту (оның опат болуы), зақымдалуы танылады:

- 1) суда жүзумен тікелей байланысты, атап айтқанда:
 - a) табиғаттың қолайсыз жағдайлары – қатты жел және су бетінде толқынның көтерілуі;
 - b) табиғаттың қолайсыз жағдайларының салдарынан Кеменің суға батуы немесе төңкерілуі, сонымен бірге судың Кеменің ішіне өтуі, Кеменің корпусына судың өтуі; немесе трюмда жүкті ауыстыру салдарынан оның төңкерілуі;
 - c) басқа Кемелермен соқтығысу;
 - d) жүзуші және қозғалмайтын объектілермен түйісу;
 - e) су түбіне жанасу және қайырға отырып қалу;
- 2) өрт, жарылыс;
- 3) қауіптілік кезінде залалдың артуын болдырмау мақсатында Кеменің жабдығына кіретін мүлікті борттың сыртына әдейі лақтырып жіберу;
- 4) жер үсті көліктерімен, айлақтардың немесе доктардың жабдығымен немесе құрылысымен соқтығысу;
- 5) жер сілкіну, жанартаудың атқылауы немесе найзағай соғуы;
- 6) жүкті тиеу, түсіру немесе орнын ауыстыру, отынды тиеу немесе түсіру кезіндегі уақиға;
- 7) қазанның жарылуы, біліктің сынуы;
- 8) Кеменің машиналарының немесе корпусының жасырын ақаулары, Кеменің құрылысындағы қателер;
- 9) ұшуды басқаратын аппараттармен, олардың сынықтарымен соқтығысу;
- 10) үшінші тұлғалардың (команда мүшелерінен басқа) заңсыз әрекеттері.

10. Сақтандыру шарты бойынша төмендегілер сақтандырылуы мүмкін:

- 1) Кеменің толық опат болуы (шынайы немесе құрылымдық) салдарынан залалдар және (немесе) осы Ереженің 9-тармағында аталып өткендерден басқа кез келген себептер бойынша оның корпусының, механизмдерінің, машиналарының, жабдықтарының зақымдарын жою бойынша шығындар;
- 2) Кеменің үлесі бойынша жалпы апат бойынша залалдар, шығындар мен жарналар;
- 3) залалды болдырмау, оның мөлшерін азайту және оны белгілеу бойынша қажетті және мақсатты жасалған шығындар.

11. Сақтандыру тәуекелдерінің, сақтандыру жағдайларының, олардың қиындасуының тізбесі Сақтандыру шартында белгіленеді.

12. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

13. Егер сақтандырылған Кемені жоғалту (опат болуы) немесе зақымдау (жиынтығында):

- 1) Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі ішінде;
- 2) Сақтандыру шартында көрсетілмеген сақтандыру аумағында;
- 3) Сақтандыру шартында көрсетілген бір немесе бірнеше сақтандырылған тәуекелдердің басталуы салдарынан орын алса, оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕР

14. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, төмендегілер салдарынан су жолы көлігіне залал келтіру сақтандыру жағдайына жатпайды:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 2) әскери әрекеттер немесе әскери шаралар және олардың салдары, әскери қарумен құрту немесе зақымдау;
- 3) террорлық актілер, арандатушылық қызмет;
- 4) азаматтық соғыстар, кез келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- 5) қарақшылық әрекеттер (Кемені басып алу мақсатында күш қолданып, шабуыл жасау.

15. Сақтандырылған су жолы көлігінің төмендегілер салдарынан жоғалуы (оның опат болуы) және (немесе) зақымдалуы, сондай-ақ оған байланысты шығарылған шығындар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) Сақтанушының әрекет ететін тіркеу туралы куәлігі, пайдалануға жарамдылығын растайтын құжаттары және басқа мемлекеттік және ведомстволық басқару органдары су жолы көлігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін талап ететін құжаттары жоқ су жолы көлігі құралын пайдалануы;

2) техникалық жағынан жарамсыз және теңізге арналмаған Кемені, оның ішінде, тиісті жарақтарсыз, гидрогеографиялық, метеорологиялық қамтамасыз етусіз, ақаулы немесе штаттық режимнен тыс жұмыс жасайтын байланыс және радиолокация құралдарынсыз пайдалану, егер ол туралы Сақтанушыға немесе оның өкіліне Кеме рейске шыққанша белгілі болған немесе белгілі болуға тиіс болса;

3) техникалық тексерулер мен жөндеудің жоспарлы түрлерін мезгілімен өткізбеу;

4) Сақтанушының Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінде белгіленген су жолы көлігін ұстау, қорғау, жөндеу және пайдалану талаптарын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, улы, өрт қауіп бар және жарылғыш заттарды тасымалдау ережелерін бұзуы;

5) Сақтанушының, Кеме иесінің, оператордың немесе оның өкілдерінің ниеті және өрескел абайсыздығы;

6) Сақтандырушы ондай жұмыстар туралы алдын ала хабардар болған және оған келісімін берген жағдайларды қоспағанда, күрделі және ағымдағы жөндеуді жүргізу;

7) Кемені оның құрылымымен немесе жабдығымен қарастырылмаған мақсаттарда немесе белгіленген ауданнан тыс (егер бұл форс-мажор жағдайларының салдарынан болмаса) пайдаланылса;

8) Кемені оның мұз сыныбына сәйкес келмейтін жағдайларда пайдалану;

9) қысқа дұрыс дайындалмау;

10) Сақтандырушымен алдын ала келіспей, Кемені жер үсті көлігі құралдарымен көтеру және суға түсіру, тасымалдау операцияларын жасау;

11) Кемені оған құқығы жоқ тұлғалардың басқаруы, ал моторлы қайықтар мен скутерлерге қатысты – 18 жастан кіші тұлғалардың басқаруы;

12) Кемені алкогольмен мастану қалпында басқару;

13) жолаушылар мен жүктерді жолаушылар орнының декларацияланған санынан және Кеменің жүк көтергіштігінен артық тасымалдау;

14) Кемемен Сақтанушының (Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің рұқсатымен, алайда Сақтандырушының рұқсатынсыз жарылғыш және (немесе) өздігінен тұтанатын заттарды және нәрселерді тасымалдау және (немесе) Кемеге тиеу;

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

- 15) теңізде зәкірде тұрмаған басқа кемемен болат арқан және жүк операциялары;
- 16) біртіндеп тозу, қажу, коррозияға ұшырау, кавитациялық қирау, кеменің корпусының, бөліктерінің, агрегаттарының, жабдықтарының және (немесе) жарақтарының (оның ішінде және онымен шектелмей су түбіндегі аппаратурасының, кабельдік крассасының және (немесе) кеме жүйелерінің, қозғалтқыштарының, қозғаушыларының және қызмет көрсетуші олардың жүйелерінің, тиеу-түсіру, шәкір және байлам құрылғыларының, кәсіпшілік және өндірістік жабдықтарының) көнеруі, қирауы; басқа біртіндеп және шоғырланып әрекет ететін себептер; Кеменің кез келген торабындағы механикалық бұзылу және өндірістік ақаулар және аталған тораптың шегіндегі олардың салдары, егер ол Кеменің басқа бөліктері мен тораптарының зақымдануына әкеп соқтырмаса;
- 17) өрттің, аппараттың, агрегаттың, механизмнің шегінен тыс таралуын туындатпайтын, электр желілерінің қысқа мерзімге тұйықталуы;
- 18) Сақтанушының (Сақтандырылушының, оның қызметкерлерінің) алкогольмен, есірткімен немесе уытпен мас күйінде немесе басқалай мас күйінде болу немесе олардың салдарынан жасаған әрекеттері (бейәрекеттері);
- 19) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушымен келісілген мерзім ішінде тәуекел деңгейін ерекше арттыратын, оларды жою қажеттігін Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жалпыға бірдей қабылданған нормаларға сәйкес көрсеткен кемшіліктерді жоймауы;
- 20) Кемені әскери немесе азаматтық биліктің өкімі бойынша, оның ішінде, Кеме иесінің немесе жалға алушының берешегі себепті тәркілеу, реквизициялау, тұтқындау, құрту немесе зақымдау;
- 21) Сақтандыру шартының қолданысы басталған күні ол туралы Сақтанушы (Сақтандырылушы) білген немесе білуі тиіс болған, бірақ ол Сақтандырушыға ол туралы хабарламаған факторлар, ахуалдар, жағдайлар.
16. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Кеменің сынықтарын алып тастау және аумақты тазарту шығындары, фрахт шығыстарының залалдары, сондай-ақ Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылатын Кеменің бұзылуына байланысты мәжбүрлі іркіліс кезінде команданы және Кемені ұстау шығындары өтелуге жатпайды.
17. Жалпы апат және (немесе) сақтандырылған кемені құтқару жағдайлары бойынша сонымен бірге сақтандырылуға жатпайтындар:
- 1) Құтқару бойынша қолданыстағы Халықаралық конвенцияда қарастырылған немесе басқа заңнамалық актілерге, мазмұны бойынша ұқсас ережелер мен келісімшарттардың қағидаларына сәйкес құтқарушылардың арнайы өтемақысы;
- 2) қоршаған ортаға залал келтіруге байланысты немесе ондай залалдың туындау қаупіне байланысты не кемеден ластаушы заттардың ағып кетуіне немесе шығарылуына байланысты немесе ондай қауіптің болуына байланысты тартылған шығындар, Құтқару жөніндегі әрекет етуші Халықаралық конвенцияға сәйкес қоршаған ортаға келтірілетін залалдың алдын алу немесе оларды азайту үшін құтқарушыларға төленетін сомаларды қоспағанда.
18. Сақтандырушы төмендегілер үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді және жауапты болмайды:
- 1) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимитінен) мөлшерінен асатын залал бөлігіне;
- 2) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру аумағынан тыс келтірілген залалға;
- 3) сақтандыру жағдайымен және оны кез келген уәкілетті органда (мемлекеттік баждар, ксерокөшірме шығындары, нотариатта куәландыру, сараптама, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтер ақысы) дәлелдеумен байланысты іс жүргізу шығындары;

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

- 4) сақтандырылған Кемені жетілдіру және үлгілендіру шығындары;
 - 5) тасымалданатын жүктерге, багажға, жолаушылардың жеке заттарына келтірілген зиянды қоса алғанда, үшінші тұлғаларға келтірілген зиян, қоршаған ортаны ластау;
 - 6) моральдық зиян;
 - 7) қаржылай шығыстар, уыстан шығарылған пайда, басқалай жанама залалдар, міндеттемелерді орындауды кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және сақтандырылған Кеменің опат болуынан немесе зақымдалуынан, тауарлық түрін жоғалтуынан болған басқа жанама шығындар;
 - 8) егер ол шығыстар Сақтандырушының өтеуіне жататын залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, сот, сараптама шығыстары;
 - 9) Кеменің әрлеу және оның ішкі үй-жайларының элементтерін, қымбат металдардан, бағалы және жартылай бағалы тастардан жасалған жабдық заттарын, эксклюзивті интерьер бұйымдарын, өнер туындыларын, антиквариатты жоғалту немесе зақымдау.
19. Сақтандыру шартында осы тарауда аталып өткендерден басқа сақтандыру жағдайларының өзге де ерекшеліктері және (немесе) сақтандырудағы шектеулер белгіленуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА

20. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
21. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді және Кеменің және қосымша жабдықтың Сақтандыру шартын жасасу күніне нақты (нарықтық) құнынан артық болмауы тиіс.
- Сақтандыру шартында бір сақтандыру тәуекелі/жағдайы не кейбір сақтандыру жағдайларының/тәуекелдерінің жиынтығы бойынша сақтандыру өтемінің (жауапкершілік лимитінің) шекті мөлшері қарастырылуы мүмкін.
22. Кеменің нақты (нарықтық) құны Сақтандырушы жүргізген сақтандырылуға жататын объектіні бағалау (сараптау) негізінде белгіленеді. Сақтанушының және Сақтандырушының келісімі бойынша сараптама бағаны мамандандырылған тәуелсіз ұйымдар (бағалаушы, сюрвейер) жүргізеді.
23. Егер Кеме сол Кемені пайдаға асыру немесе пайдаға асыру үшін сату мақсатында жүзіп жүрсе, бұл Кеменің нақты (сақтандыру) құны болып Кеменің соңғы рейсіне шыққан сәтіндегі сынық ретіндегі нарықтық құны танылады.
24. Франшиза - Сақтандырушыны сақтандыру шарттарында қарастырылған белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден босату. Сақтандыру шартымен шартты немесе шартсыз франшиза белгіленуі мүмкін.
25. Шартты франшизада Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан асып кетсе, залалды толық көлемде өтеуге міндетті. Шартсыз франшизада келтірілген залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегерілгеннен кейін өтеледі.
26. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

27. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

28. Сақтандыру шарты бойынша төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын есепке ала отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтайтын сақтандыру тарифіне сәйкес есептеледі.

29. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Қазақстан Республикасының валютасымен төлейді.

30. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы шетел валютасымен төленуі мүмкін (валюталық баламада).

31. Сақтандыру сыйлықақысы бір мезгілде немесе бөліп-бөліп төленеді, аударыммен немесе қолма-қол ақшамен төленеді (Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес).

Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімі Сақтандыру шартында белгіленеді.

32. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе (тараптардың өзге шарттар туралы жазбаша келісімі болмаса), Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде уақтылы төлемеген жағдайда, Сақтандырушы:

1) сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап біржақты тәртіпте Сақтандыру шартын бұзуға;

2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны енгізу мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін (кезекті сақтандыру жарнасы) болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

33. Сақтандыру шарты 1 (бір) жылдан кем мерзімге жасалған кезде, сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының іс жүзінде әрекет еткен күндер саны үшін (про-рата) не жылдық сақтандыру сыйлықақысынан проценттік қатынаста (бұл ретте толық емес ай толық ай ретінде есептеледі) есептеледі:

Мерзімі, айлар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	30	40	50	60	70	75	80	85	90	95

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

34. Сақтанушы:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде, егер ол құпия ақпарат болмаса, Сақтандырушының жылдық қаржылық есебімен танысуға;

2) осы Ережемен танысуға, Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, оның Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге, осы Ереженің көшірмесін алуға;

3) жоғалған жағдайда қағаз нысанда ресімделген Сақтандыру шартының телнұсқасын немесе электронды нысандағы Сақтандыру шартын ол Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсеткен Сақтанушының электронды поштасының мекенжайы бойынша қайтадан алуға;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайын тергеу барысымен танысуға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

6) осы Ережеде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

7) Сақтандырушы және (немесе) ол тағайындаған аджастер белгілеген сақтандыру жағдайының себептерін, жағдаяттарын бағалау нәтижелерімен және (немесе) залал сомасымен келіспеген жағдайда, сараптама жүргізу үшін тәуелсіз аджастер тағайындауға құқылы, алайда, ол аджастердің біліктілігін Сақтандырушы мақұлдауы тиіс. Сақтанушы тағайындаған аджастердің қызметтеріне ақыны Сақтанушы өзі төлейді;

8) Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен наразылық білдіруге құқылы.

35. Сақтанушы:

1) Сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандырушыға өзіне белгілі болған барлық жағдайлар туралы, сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның туындауынан болатын шығындардың мөлшерін айқындау үшін хабарлауға;

2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру объектісіне қатысты барлық қолданыстағы немесе жасасылатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;

3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

4) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы ақпарат беруге;

5) осы Ереженің (Сақтандыру шартының) талаптарын орындауға;

6) Сақтандырылушыны Сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға міндетті. Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы олардың сақтанушының өзінің бұзуы деп саналады;

7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және (немесе) оның салдарынан сақтандыру жағдайы басталуы мүмкін оқиға басталған кезде ол туралы Сақтандырушыны хабардар етуге және осы Ережеде (Сақтандыру шартында) белгіленген тәртіппен және мерзімде қажетті іс-әрекеттерді жасауға;

8) осы Ереженің 10-тарауына (немесе) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға Сақтандырушыға барлық қажетті және қажетті құжаттарды ұсынуға;

9) үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алған күннен бастап 5 (бес) банк күнінен кешіктірмей, дереу ол туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге және алынған сақтандыру төлемінің тиісті бөлігін қайтаруға;

10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын беруді, оның ішінде мұндай құқықты іске асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етуге;

11) Сақтандыру шартының талаптары мен сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;

12) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөнінде шаралар қолдануға;

13) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайларда белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер мұндай өзгерістер Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде сақтандыру тәуекелінің артуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға міндетті.

36. Сақтандырушы:

1) Сақтандыру шартын жасасқанға дейін сақтандыруға жататын Кемені тексеруге құқылы. Қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру алды сараптама жүргізу үшін тәуелсіз мамандарды (сюрвейерді) тартады. Сақтандыру шарты жасалған жағдайда, сондай-ақ

Сақтандырушы сараптаманың қанағаттанғысыз нәтижелері себепті Сақтанушының Кемесін сақтандырудан бас тартқан жағдайда, сюрвейерлердің қызмет ақысын Сақтандырушы төлейді. Сақтанушы Сақтандырушы ұсынған шарттарда Сақтандыру шартын жасасудан бас тартқан жағдайда, тәуелсіз сюрвейерлердің ақысын Сақтанушы төлейді. Бұл ретте Сақтанушы сюрвейердің акт-қорытындысының түпнұсқасын алады;

2) сақтандыруға жататын Кеменің Сақтандыру шартының қолданысы басталған күнге Біліктілік қоғамында сыныпталуын және осы Біліктілік қоғамындағы оның сыныбы Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде сол деңгейде сақталуын талап етуге;

3) сақтандыру мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы берген ақпаратқа сәйкестігін тексеруге;

4) сақтандырылған мүлікті құтқару шығындарын азайту іс-шараларына қатысуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының аталған іс-шараларға қатысуы оқиғаның сақтандыру жағдайы ретінде тануының растамасы болып табылмайды;

5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын дербес анықтауға, оның ішінде мүлікті және келтірілген залалдың мөлшерін анықтау бойынша іс-әрекеттерді тексеруге;

6) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретінен шыға отырып, сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

7) сотқа дербес талаптарды мәлімдемеуші үшінші тұлға ретінде қатысуға;

8) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау себептері мен жағдайларын, осы Ережелердің 10-тарауында және (немесе) Сақтандыру шартында көрсетілген зиянның мөлшерін анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

9) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау себептері мен жағдайларын, осы Ережелердің 10-тарауында және (немесе) Сақтандыру шартында көрсетілген зиянның мөлшерін анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

10) осы Ережеде (Сақтандыру шартында) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтуға немесе Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жазбаша хабарлама жіберу арқылы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымауға;

11) келтірілген залал үшін жауапты тұлға кері талап құқығын қоюға;

12) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

37. Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен (Ережесімен) таныстыруға және егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға сақтандыру полисін берумен осы Ережеге қосу жолымен жасалған болса, Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);

2) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу, ондай хабарламаны алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тіркеуге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы Ережеде және (немесе) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығынды азайту үшін шеккен ақылға қонымды және орынды шығыстарын өтеуге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) не олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған

жағдайда, оған Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жоқ құжаттар туралы хабарлауға;

б) сақтандырудың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

7) қағаз нысанда ресімделген Сақтандыру шарты жоғалтылған жағдайда, Сақтанушының өтініші негізінде оған Сақтандыру шартының телнұсқасын беруге немесе Сақтанушының сұранысы бойынша Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсеткен Сақтанушының электронды поштасының мекенжайына электронды Сақтандыру шартын жөнелтуге міндетті.

38. Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде, Сақтандыру шартында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН ҰЛҒАЙТУДЫҢ САЛДАРЫ

39. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) дереу, бірақ ол белгілі болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарлаған жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

40. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды болып танылады:

- 1) Кеменің арендаға, прокатқа, кепілге берілуі және басқалай ауыртпалық;
- 2) Кеменің Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген сипаттамаларының, оны пайдалану режимі мен мақсаттарының өзгеруі, Біліктілік қоғамы тағайындаған сыныбының өзгеруі;
- 3) Кеменің сақтандыру аумағынан тыс пайдаланылуы;
- 4) үшінші тұлғалар тарапынан Кемеге қандай да бір ауыртпалық салу;
- 5) Кемені билік етуге сенімхат немесе құқық беру;
- 6) Кемені қайта жабдықтау немесе қайта жарақтандыру, оның ішінде, қауіпсіз пайдалану үшін қажетті жабдықтарды монтаждау немесе демонтаждау;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуына тәуелсіз Кеменің зақымдалуы;
- 8) қосарланған сақтандырудың болуы.

41. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін жағдаяттар туралы хабардар болған Сақтандырушы, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы Сақтандыру шартын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған нормаларға сәйкес Сақтандыру шартының бұзылуын талап етуге құқылы.

42. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 39-тармағында қарастырылған міндеттемелерді орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

43. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына себеп болатын жағдайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

9. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ

44. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары сақтандыру жағдайы басталуы мүмкін оқиға туындаған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

1) сақтандыру жағдайының белгісі бар және (немесе) оның салдарынан Сақтандырушыда сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелер туындауы мүмкін кез келген оқиға туралы оған мәлім болған немесе мәлім болуы тиіс болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, дереу бұл туралы оқиғаның орнын, уақытын және жағдаттарын көрсетумен, хабарламаны жіберу күнін анықтауға мүмкіндік беретін кез келген тәсілмен Сақтандырушыға хабарлауға;

2) олардың құзіретінен шыға отырып, тиісті органдарға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы дереу хабарлауға және оқиғаны құжатпен ресімдеуді қамтамасыз етуге;

3) орын алған жағдайда, зиянды өтеу туралы талапты қою үшін себеп болатын оқиғаға байланысты залалдарды азайту үшін орынды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға, оның ішінде, ол ретте Сақтандырушының нұсқауларын орындауға міндетті. Алайда, бұл әрекеттер Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін мойындау деп қарастырылмауы керек;

4) Сақтандырушы немесе оқиғаны тергейтін құзіретті органдар өзінің келісімін бергенге дейін, егер кемеңі зақымдалған күйінде қалдыру залалдың ұлғаюына немесе үшінші тұлғаларға, команда мүшелеріне және тасымалданатын жүктерге зиян келтіру қаупіне әкеп соқтырмаса, зақымдалған жабдықты демонтаждауды және зақымдалған Кемеңі жөндеуді бастамауға міндетті. Мұндай жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) фото, бейнеқұжаттар, техникалық актілер және сипаттамалар түрінде Кемеңің зақымдалған жай-күйін егжей-тегжейлі беркітуге міндетті;

5) Сақтандырушыға не оның өкіліне зақымдалған Кемеңі қарап шығу, келтірілген залалдың себептерін тергеу және мөлшерін белгілеу, залалдарды азайту және сақтандырылған Кемеңі құтқару іс-шараларына қатысу мүмкіндігін беруге;

6) егер Сақтандырушы Сақтандырушымен қатар Сақтанушының (Сақтандырылушының) да мүдделерін қорғау үшін өзінің уәкілетті тұлғаларын тағайындау қажет деп тапса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат және сақтандыру жағдайымен байланысты қажетті құжаттарды беруге;

7) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу жағдайларымен байланысты және сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді беруге;

8) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап құқығын қоюы үшін қажетті барлық әрекеттерді жасауға, оның ішінде, қажетті құжаттарды тапсыруға;

9) сақтандыру жағдайының алдын алу мақсатында орын алған жағдайда орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға міндетті. Тиісті шараларды қабылдай отырып, Сақтанушы (Сақтандырылушы) егер Сақтандырушы оларға хабарлаған болса, Сақтандырушының нұсқауларына сүйенуі тиіс;

10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу жағдаяттары мен себептерін тергеуде жан-жақты көмек көрсетуі, Сақтандырушының пікірінше орын алған оқиғаның мәртебесі туралы шешім қабылдау үшін қажетті түсініктемелер беруден және (немесе) құжаттарды ұсынудан бас тартпауы не кедергі келтірмеуі тиіс.

45. Пайда алушы оны Сақтанушының немесе Сақтандырылушының істеген, істемегеніне қарамастан, барлық жағдайларда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етуге құқылы.

46. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбеген болса немесе Сақтандырушыда бұл туралы ақпарат болмаса, оның

сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН КӨЛЕМІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

47. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыға осы талапты растайтын құжаттарды бірге тіркеп, жазбаша нысанда ұсынады.

48. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішке келесі құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) Сақтандыру шартының түпнұсқасы және (немесе) көшірмесі (оның телнұсқасы);
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) аталған Кемеге қатысты мүліктік мүддесі бар екендігін растайтын құжаттар (Кемеге меншік құқығын куәландыратын немесе Кеме опат болған немесе зақымдалған жағдайда, Кеменің меншік иесі алдындағы жауапкершілік мөлшерін белгілейтін құжаттар);
- 3) күйретті органның Кеменен сақтандыру жағдайының басталу фактісін, оның басталу себептері мен салдарын растайтын құжаттары;
- 4) Кемені пайдалануға жарамдылығы туралы құжат, оның уақыт бойынша соңғы күрделі жөндеуден, ағымдағы жөндеуден, тұрақты техникалық қызмет көрсетуден және тексеруден өткендігі туралы құжаттар;
- 5) Кемені зақымдалғаннан кейін техникалық тексеру актісі;
- 6) белгіленген тәртіпте құрылған комиссияның оқиғаны тергеу актісі;
- 7) кеме журналынан апатты жағдайдың ахуалдары және команданың оның алдын алу және салдарын жою әрекеттері туралы үзінді көшірмелер;
- 8) машиналық журналдан бас қозғалтқыштың оқиға кезеңінде, оған дейінгі және одан кейінгі жұмыс режимінен үзінді көшірмелер;
- 9) радиотелеграф журналынан апатты оқиғалар туралы жөнелтілген және қабылданған корреспонденциялар туралы үзінді көшірмелер (немесе Апаттар кезіндегі Ғаламдық теңіз жүйесінің байланысы радиожурналынан);
- 10) куәлердің жауаптары және оқиғаға қатысты тұлғалардың түсініктеме жазбалары;
- 11) кейбір бөліктерінің құны көрсетілген, зақымдалған, қиратылған немесе жоғалтылған мүліктің тізімдемесі;
- 12) зақымдалған Кемені жөндеу жоспары және шығындардың сметасы;
- 13) өтініш берушінің жеке куәлігі немесе құрылтай құжаттары;
- 14) болған кезде – тергеу немесе сот органдарының құжаттарының көшірмелері;
- 15) сақтандыру компаниясында істерді жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығын беретін сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүдделерін білдірген жағдайда);
- 16) сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушының банктік деректемелері.

49. Сақтандырушыға шет тілінде ұсынылған құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне аударылып, аударманың дұрыстығын нотариат растауы тиіс.

50. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының жай-күйі туралы шешім қабылдауға қажетті құжаттардың тізбесін өз бетінше қысқартуға және Сақтандырушының пікірі бойынша осы шешім қабылдауға жеткілікті құжаттармен шектелуге құқылы.

51. Жекелеген жағдайларда Сақтандырушы, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және шығын мөлшерін анықтауға мүмкіндік

бермесе немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша ақпарат қажет болса, осы тарауда көрсетілмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

52. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Куәліктің бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің белгісімен бірге Сақтандырушыда қалады. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талабын электронды нысанда жіберген жағдайда Сақтандырушы оған анықтаманы электронды түрде беруге құқылы.

53. Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сақтандыру төлемі туралы мәселені қарастыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде арыз берушіге жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

11. ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

54. Сақтандыру төлемі жәбірленушіге келтірілген нақты залалдың шегінде, бірақ Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан артық емес мөлшерде, франшиза және пропорция туралы талаптар (бар болған жағдайда) ескеріле отырып жүзеге асырылады. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген тікелей мүліктік залал ғана өтелуге жатады.

55. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтанушы төлемеген сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын есепке алуға құқылы.

56. Залалдың мөлшері Сақтандырушының және (немесе) Сақтандырушы тағайындаған апат комиссарының (аджастердің) калькуляциясы негізінде анықталады. Калькуляцияны жасау кезінде жөндеуге арналған материалдарды және қосалқы бөлшектерді сатып алу орташа нарықтық бағалары, сондай-ақ жөндеу жүргізу жұмыстарының ақысы қолданылады.

57. Тараптар арасында залалдардың себептері және мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда, тараптардың әрқайсысы тәуелсіз бағалау (сараптама) жүргізуді талап етуге құқылы. Бағалау (сараптама) оны жүргізуді талап еткен тарап есебінен жүргізіледі. Бағалау (сараптама) нәтижелері бойынша Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы негізсіз деп танылған жағдайда, Сақтандырушы бағалау (сараптама) жүргізу шығындарын өтейді. Сақтанушы егер оны жүргізу нәтижесінде оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған кезде, бағалау (сараптама) жүргізу шығынын көтереді.

58. Осы Ережеге сәйкес нақты залалдың мөлшері былай анықталады:

1) сақтандырылған Кеме толық опат болған, толық конструктивті опат болған, хабарсыз жоқ болып кеткен кезде – сақтандыру сомасының шегінде, алайда, Сақтандыру шартында шарттасылған франшиза (болған кезде) туралы шарттар шегеріліп, сақтандыру жағдайы басталған күнгі Кеменің нарықтық құнынан артық емес мөлшерде;

2) ішінара зақымдалған кезде – оны жөндеу немесе қалпына келтіру мөлшерінде не егер мүлік жөнделмейтін (қалпына келтірілмейтін) болса, құнның тиісті бөлігі мөлшерінде, Сақтандыру шартында шарттасылған франшиза (болған кезде) туралы шарттар шегеріліп. Жөндеу (қалпына келтіру) шығыстарында жөндеу үшін сатып алынатын материалдар мен қосалқы бөлшектер шығындары, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізу және материалдарды жөндеу орындарына жеткізу немесе зақымдалған тараптарды жөндеу орындарына жеткізу құны есепке алынады. Жөндеу (қалпына келтіру) шығыстарынан жөндеу барысында ауыстырылатын кейбір бөліктердің қалдық құны шегеріледі. Жөндеу құны белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінің немесе Сақтандыру шартында белгіленген басқа мөлшердің 80 (сексен) %-нен артық болмайды.

Қарап шығу және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін док немесе верфті таңдау Сақтандырушының келісімі бойынша жүргізілуге тиіс. Егер жөндеу уақыты мен орны келісілмеген болса, сақтандыру өтемін Сақтандырушы жөндеу шығындарының мақсаттылығына қарай анықтайды. Бұл ретте кемені жөндеу шығыстарының құрамына кемені жөндеу орнына және сол орыннан кері айдап жеткізу бойынша орынды және мақсатты шығындар кіреді. Қалған басқа жағдайларда, кемені соңғы кірген пункттен сақтандыру жағдайының салдарынан алынған зақымдарды жөндеу орнына дейін айдап жеткізу шығындары, осындай айдап жеткізу уақытындағы қалыпты пайдалану шығындарынан аспайтын сомада өтеледі.

59. Сақтандыру шартында кемені жөндеу және қалпына келтіру бойынша тікелей шығындардан басқа өтеуге жататын залалдың сомасына төмендегі шығындар кіретіндігі қарастырылуы мүмкін:

1) егер кеменің зақымдарын жөндеу кеменің корпусын соңғы рет бояғаннан кейін күнтізбелік 12 (он екі) айдың ішінде жүргізілсе, зақымдалған бөліктерге жіберілген, кеменің корпусын тазалау және бояу шығындары;

2) кемені докка кіргізу және одан шығару немесе слиптің көмегі арқылы көтеру және төмен түсіру шығындары, сондай-ақ егер жөндеу барысында сақтандыру жағдайының салдарын жою жұмыстары ғана жүргізілген болса, құрғақ докты немесе эллингті пайдалану уақытының шығындары да толығымен өтелетін жөндеу шығындарына кіреді;

3) егер Сақтандыру шартында қарастырылған зақымдарды жөндеу сақтандыру жағдайының салдарын жоюға жатпайтын жұмыстармен бірге жүзеге асырылған жағдайда, кемені құрғақ докка кіргізу және одан шығару немесе слиптің көмегімен көтеру және түсіру шығындарының 50% (елу процент). Бұл ретте құрғақ докты немесе эллингті пайдаланғаны үшін өтелетін шығындарды есептеу, егер мұндай жөндеу бөлек жүргізілген болса, соңғы сақтандыру жағдайының салдарын жою бойынша жөндеу үшін талап етілген уақыт есепке алынып, жүргізіледі.

60. Жұмысты жедел жүргізуге, кеменің бұрынғы жай-күйін жетілдіруге немесе өзгертуге байланысты және аталған сақтандыру жағдайымен шарттасылмаған қосымша шығындар нақты залалдың сомасына кірмейді және сақтандырумен өтелмейді.

61. Нақты залал мөлшерін анықтау кезінде есепке алынбайтындар және сақтандырумен өтелмейтіндер:

1) кеменің техникалық, профилактикалық және міндетті жөндеу жұмыстары;

2) Кемені қайта қалпына келтіру және қайта жабдықтауға, тозуы, техникалық ақауы және сақтандыру жағдайына жатпайтын басқа себептер бойынша оның кейбір бөліктерін, бөлшектерін және тораптарын ауыстыру жұмыстары;

3) сақтандыру жағдайынан болмаған зақымдарды жөндеу немесе бөліктерін (бөлшектерін, тораптарын) ауыстыру құны;

4) олардың болмауы қарастырылып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысты емес, жоқ бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың) құны;

5) жасырын ақауларды қоспағанда, құзіретті органдардың құжаттарында және (немесе) техникалық актілерде зақымдалғандар ретінде көрсетілмеген, зақымдалған бөліктерді (бөлшектерді, тораптарды) жөндеу шығындары;

6) нормативтен жоғары тарифтерді, бағалар мен коэффициенттерді пайдалануға байланысты шығындар;

7) сақтандыру жағдайынан кейінгі тазалау жұмыстарының және (немесе) сынықтарды (қалдықтарды) кәдеге жарату (жою) шығындары;

8) сақтандырылған Кеме құнының артуына әкеп соқтырған басқалай шығындар.

62. Сақтанушының залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында тартқан шығындары, егер мұндай шығындар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажетті болған және жасалған болса, тиісті шаралардың табыссыз болғанына қарамастан, Сақтандырушының өтеуіне жатады. Мұндай шығындар нақты мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығындардың өтемі сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспауы керек, сондай-ақ Сақтандырылушыға мұндай шығындарды растайтын құжаттар берілген кезде. Сақтандыру шартында сақтандыру сомасының немесе сақтандыру төлемінің үлесі түріндегі мұндай шығындардың сомасын шектеу қарастырылуы мүмкін.

63. Сақтандырушы Сақтанушы болжалды залалдарды азайту үшін орынды және қол жетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған залалдарға қатысты сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

64. Сақтандыру салдарынан келтірілген залалды Сақтанушыға үшінші тұлғалар өтеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өтелетін сома мен Сақтанушы үшінші тұлғалардан алған сома арасындағы айырманы ғана өтейді.

65. Егер Сақтандыру шартын жасасу сәтіне сақтандыру сомасы Кеменің нақты құнынан төмен анықталса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының Кеменің нақты сомасына барабар қатынасында анықталады, алайда, Сақтандыру шартында белгіленген франшиза мөлшерін және пропорция (болған кезде) туралы талапты шегергендегі сақтандыру сомасының мөлшерінде белгіленеді.

66. Сақтандырушының қарауына қарай сақтандырылған кеме опат болған немесе хабарсыз жоғалған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына Сақтанушыға залалды табиғи нысанында өтеуге, яғни, опат болған Кеменің орнына ұқсас Кеме беруі мүмкін.

67. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін, егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасының шегінде жауапкершілігін жалғастыра береді.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

68. Егер Сақтандыру шартында басқа мерзім көзделмесе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті осы Ереженің 10-тарауымен реттелген барлық құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

69. Сақтандыру оқиғасы сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

70. Сақтандыру төлемінен бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен хабарлайды.

71. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, ұрланған (айдап әкетілген) Кеме үшін сақтандыру төлемі ұрланған (айдап әкетілгеннен) кейін 3 (үш) айда төленеді, бірақ кез келген жағдайда, тергеу мерзімі аяқталған не құқық қорғау органдары алдын ала тергеуді аяқтаған соң, ұрлап әкету (айдап әкету) күніне амортизацияны есепке ала отырып, жүзеге асырылады. Ұрланған (айдап әкетілген) Кеме Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін табылса, Сақтанушы алынған сақтандыру төлемін, ұрланған (айдап әкетілген) Кемеге келтірілген залал сомасын шегеріп, кері қайтаруға міндетті.

72. Егер тиісті құзыретті органдар сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтырған мән-жайлар бойынша қылмыстық іс қозғаған немесе әкімшілік тергеу бастаған жағдайда,

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

Сақтандырушы соттың шешімі (үкімі, қаулысы) немесе тергеудің аяқталғаны туралы басқа құжат күшіне енгенге дейін немесе тергеу аяқталғанға дейін және Сақтандырушыға тиісті құжаттар ұсынылғанға дейін, өтініш берушіге жазбаша хабарлама жіберіп, сақтандыру төлемі туралы шешімді тоқтата тұруға құқылы.

73. Егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайын немесе залалдардың мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқасына негізделген күмәні болса, күзиретті органдар ондай құжаттардың түпнұсқалылығын растағанға дейін, бірақ, 3 (үш) айдан артық емес уақытқа сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау мерзімін кідірте тұруға құқылы.

74. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалдарды азайту үшін орынды және қолжетімді шараларды қабылдамауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

75. Кеменің опат болуы немесе жоғалуына байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға абандон (Сақтанушының сақтандыру объектісіне мүлктік құқығынан Сақтандырушының пайдасына бас тартуы) ұсынуға міндетті. Сақтандырушы абандоннан бас тартуға құқылы.

76. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы төмендегілердің салдарынан туындаса, Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайы басталуына немесе оның пайда болуына бағытталған қасақана әрекеттері, қорғаныс пен төтенше жағдай кезінде жасалған әрекеттерді қоспағанда;

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сақтандыру жағдайына байланысты қасақана жасалған қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

77. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіздеме болуы мүмкін:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы жалған ақпарат туралы хабарлауы;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартында белгіленген міндеттемелер мен шарттарды орындамауы;

3) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуын және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуіне кедергі келтіру;

5) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;

6) сақтандыру жағдайының Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының аумағынан тыс жерде басталуы;

7) егер Сақтанушы (Пайда алушы) зиянның келтірілуі үшін жауапты адамнан тиісті өтемақы алса;

8) егер сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандыру шарты күшіне енген болса;

9) Сақтанушы осы Ереженің 10-тарауында және Сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттарды тапсырмаған жағдайда;

10) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

78. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шағымдануға болады.

79. Сақтанушы (Сақтандырылушы), егер:

- залалды Сақтанушыға залал келтіруге жауапты тұлға өтеген болса;
- талап мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының күшіне қарай не осы Ережеге сәйкес Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толықтай немесе ішінара айыратын жағдай табылса, Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін (оның тиісті бөлігін) кері қайтаруға міндетті.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

80. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

81. Сақтандыру шартын (бұдан әрі - өтініш) жасасуға арналған өтініш нысанын Сақтандырушы белгілейді.

82. Қағаз нысанда жасалған Сақтандыру шарттары бойынша Сақтанушы қол қойған өтініш Сақтандыру шартының Сақтандырушыда болатын данасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Электрондық нысанда жасалған Сақтандыру шарттары бойынша Өтінім Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушымен ұсынылған ақпарат тізімін құрайды, бұл ретте Өтінімге қол қою Сақтандырушымен белгіленген тәсілмен жүзеге асырылады.

83. Сақтандыру шарты Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін бағалағаннан кейін және тараптар Сақтандыру шартын жасасу арқылы немесе Сақтанушыны сақтандыру ережесіне қосып, оған сақтандыру полисін беру арқылы Сақтандыру шартының барлық маңызды шарттары туралы келісімге келгеннен кейін жазбаша түрде жасалады.

Электронды нысандағы Сақтандыру шартын жасасу Сақтанушы мен Сақтандырылушы арасында электронды ақпараттық ресурстарды айырбастау жолымен жүзеге асырылады.

Электронды нысанда Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтандырушы Сақтанушының электронды поштасының мекенжайына электронды Сақтандыру шартын жөнелтеді.

84. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындау үшін айтарлықтай маңызы бар жағдайлар туралы, егер бұл жағдаяттар белгісіз болса және Сақтандырушыға таныс болмауы керек болса, хабарлауға, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттарды (лицензия, біліктілік аттестаты, хабарлама, арнайы рұқсаттың басқа түрі) ұсынуға міндетті.

85. Сақтандыру шартын жасасу және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттарды (мәліметтерді) талап етуі мүмкін.

86. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Сақтандыру шартын жасасу нысанына сәйкес Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде, Сақтандырушының Сақтандыру шартына қосымша келісім жасауы арқылы жүргізіледі. Егер сақтандыру сақтандыру полисін шығару арқылы жүзеге асырылса, онда өзгертулер мен толықтырулар енгізілген кезде сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылып, жаңасы жасалады.

87. Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, Сақтанушының Шартты жасасу мақсатында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызды мән-жайлар туралы жалған ақпарат бергені және Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

88. Егер Сақтандыру шартында Сақтанушының жағдайын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдаймен салыстырғанда нашарлататын жағдайлар болса, Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актілерінде белгіленген ережелер қолданылады.

89. Қағаз нысанда ресімделген Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға оның жазбаша өтінішінің негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді. Сақтанушының сұрауы бойынша электрондық нысанда ресімделген Сақтандыру шарты Сақтанушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына қайта жіберілуі мүмкін.

Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру шартының телнұсқасын жасау шығындарын өндіріп алуға құқылы, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы Сақтандыру шартымен белгіленеді.

14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ АУМАҒЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

90. Сақтандырушымен келісілген және Сақтандыру шартында көрсетілген, Кемені пайдалану ауданы сақтандыру аумағы болып табылады.

91. Сақтандыру шарты 1 (бір) жыл мерзімге, сондай-ақ тараптардың келісімімен, Сақтанушы өтінген өзге де мерзімге жасалуы мүмкін.

92. Сақтандыру шарты Шартта көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып есептеледі. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғалу кезеңі Сақтандыру шартының мерзімімен сәйкес келеді.

93. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өзінің әрекет етуін тоқтатады:

- 1) Сақтандыру шартының мерзімі аяқталғанда;
- 2) Сақтандырушы сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінің) мөлшеріндегі сақтандыру сомасын жүзеге асырғанда;
- 3) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылғанда.

94. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа келесі жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылады:

- 1) сақтандыру объектісі тоқтаған кезде;
- 2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушының қайтыс болып, ол ауыстырылмаған кезде;
- 3) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушы сақтандырылған объектіні иеліктен шығаруы;
- 4) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру жағдайынан басқа жағдайларға байланысты сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтатылғанда;
- 5) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 6) егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға Сақтандыру полисін беру арқылы жасалған болса, сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен ақпараттың өзгеруі;
- 7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда шартты бұзуға негіз болған жағдай туындаған кезден бастап шарт бұзылған болып саналады, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапқа дереу хабардар етуі керек.

95. Сақтандыру шарты Тараптардың бастамасы немесе келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін. Егер Сақтандыру шартында немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға бастамашы болған тарап басқа тарапқа бұзу жоспарланған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарлайды. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу талаптары Сақтандыру шартында белгіленеді.

96. Сақтандыру шарты осы тараудың 93 және 94-тармақшаларында көзделген жағдайларға байланысты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру әрекет еткен уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бөлігін алуға құқылы.

97. Сақтандыру шарты осы тараудың 93 және 94-тармақшаларында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы кері қайтарылатын сақтандыру сыйлықақысының сомасынан істі жүргізу шығындарының сомасын шегеріп қалуға құқылы. Ондай шығындардың мөлшері Сақтандыру шартында кері қайтарылуы тиіс сомадан проценттік қатынаста белгіленеді.

98. Сақтанушы кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

Сақтандыру шарты Сақтанушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда (Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқанда), Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын қайтармауға құқылы.

99. Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың шарттар Сақтандыру шартында айқындалады.

100. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын бұзылуы Сақтанушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, сақтандыру сыйлықақысы (оның бөлігі) қайтарылмайды.

101. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

102. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу кезінде, егер ол Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері жүргізілген болса, Сақтандырушы төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын кері қайтармауға құқылы.

103. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде заңсыз пайда алу мақсатын ұстанса, оның ішінде оның сақтандыру жағдайы туындағаннан кейін жасаса Сақтандыру шарты жарамсыз болып танылады.

15. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ

104. Қосарланған (көпше) сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда олардың әрқайсысымен жеке шарттар бойынша сақтандыру.

105. Қосарланған сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Шарттың шегінде жауаптылықта болады, алайда Пайда алушының барлық Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

Бұл ретте Пайда алушы өзімен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

сақтандыру төлемі нақты нұқсанды жаппаған жағдайда, Сақтанушы жетпейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.

106. Сақтандыру төлемінен толықтай немесе ішінара босатылған Сақтандырушы келтірілген нұқсанды басқа Сақтандырушылардың өтегеніне орай, Сақтандырушы кері қайтару сәтіне қолданатын әдістемеге сәйкес мөлшері белгіленген шеккен шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

107. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарланған сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы барлық ақпаратты, оның ішінде басқа Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы ақпаратты беруге міндетті.

108. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын білуге, басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген шығындардың мөлшерін анықтауға құқылы.

16. СУБРОГАЦИЯ

109. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты адамға қоятын Сақтанушының (Сақтандырылушының) төленген сомасының шегінде талап қою құқығы ауысады.

110. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға ондағы бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, және оған Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтердің хабарлауға міндетті.

111. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушымен өтелген шығындар үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартса, немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе тиісті бөлігін жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

17. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЯТТАРЫ

112. Егер тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларына (форс-мажорға) байланысты, яғни тараптың Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын ерекше және болдырмайтын жағдайларға байланысты өз міндеттемелерін тиісті түрде орындау мүмкін еместігін дәлелдейтін болса, тараптар жауапкершіліктен босатылады.

113. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді тараптардың біреуі толық немесе жартылай орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оларды орындау мерзімі осындай жағдайлар болған уақытқа тең мерзімге кейінге қалдырылады.

114. Егер форс-мажорлық жағдаяттар 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда тараптардың әрқайсысы Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда тараптардың ешқайсысы екінші тараптан Сақтандыру шартының бұзылуынан келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы емес.

115. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған тарап міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың туындауы немесе тоқтатылуы туралы екінші тарапқа жиырма күндік мерзімде хабарлауға міндетті.

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Су жолы көлігін ерікті сақтандыру ережесі
Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 19 шешімімен бекітілген толықтыруларды
есепке алғанда,
2020 жылғы 21 шілдеден бастап қолданысқа енді

18. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

116. Сақтандыру субъектілерінің арасында Сақтандыру шартын орындау бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

19. ҚОСЫМША ШАРТТАР

117. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

118. Сақтандырушы осы Ереженің негізінде сақтандыру тәуекелдерінің түрлі жинақтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де сақтандыру шарттарымен сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.

119. Сақтандыру шартының мазмұны осы Ережеге сәйкес келмеген жағдайда, егер ол Сақтандыру шартында тікелей мазмұндалмаған болса, Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

120. Осы Ережемен реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.